

**ТО ДСБ «№1 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК
жиналыс хаттамасы**

Шымкент қаласы

5 мамыр 2026 жыл

Қатысқандар: №1 ОПО басшысы-С.У. Джабагиева, комплаенс-офицер—А. Сергазиева, басшынның орынбасарлары және дәрігерлер мен медициналық қызметкерлері.

Күн тәртібі: 2026 жылғы 21 сәуірдегі Түркістан қаласы әкімдігі аппаратының №06-39-06/1096 хаты негізінде 2022–2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасын іске асыру мерзімінің аяқталуына және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың жаңа тұжырымдамасын әзірлеуге байланысты мәселелер бойынша өткізілген жиналысқа қатысу.

Жиын барысында аталған хатқа сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды тұлғалар жүргізуге міндетті екені атап өтілді. Жаңа Тұжырымдаманы әзірлеудің маңыздылығы және оның алдағы кезеңдегі негізгі бағыттары түсіндірілді.

Комплаенс-офицер А. Сергазиева аталған тақырып бойынша жиынға қатысып, ұйым ішінде түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, баяндама жасады.

Жиналыс төрағасы С.У. Джабагиева күн тәртібіндегі мәселенің маңыздылығын атап өтті. Қызметкерлер арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, алдағы уақытта профилактикалық іс-шараларды жалғастыру қажеттілігі айтылды.

Қорытынды бойынша қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды қатаң сақтау, еңбек заңнамасының нормаларын және Әдеп кодексін сақтау қажеттігі атап өтілді.

Қаулы етілді:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат талаптарын қатаң сақтау қамтамасыз етілсін;
2. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі мен Әдеп кодексі нормаларын сақтау тұрақты бақылауға алынсын;
3. Қызметкерлер арасында түсіндіру жұмыстары жалғастырылсын.

Төрағалық етуші

Жиналыс хатшысы



С.Джабагиева

А.Сергазиева